

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Ғылыми кеңесінің

2025 жылғы 29 қыркүйектегі

**ҚАУЛЫСЫ**

Басқарма төрағасының орынбасары – Бірінші проректор **Еркін Ерманұлы Дүйсеновтің баяндамасы** «2024-2025 оқу жылындағы кешенді және операциялық жоспарлардың орындалуы және 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын бекіту туралы»; Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі – проректор **Алина Кулбайқызы Галееваның** «2025-2026 оқу жылындағы қабылдау комиссиясы жұмысының қорытындылары туралы» баяндамаларын тыңдап, талқылай келе, Ғылыми кеңес

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Басқарма төрағасының орынбасары – Бірінші проректор Еркін Ерманұлы Дүйсеновтің; Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі – проректор Галеева Алина Кулбайқызының баяндамалары назарға алынсын.

- «2024-2025 оқу жылындағы кешенді және операциялық жоспарлардың орындалуы және 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын бекіту туралы» баяндамасы бойынша 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін;
- «2025-2026 оқу жылындағы қабылдау комиссиясы жұмысының қорытындылары» баяндамасы бойынша:

| № | Тапсырма                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Орындаушы                           | Мерзімі       |
|---|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------|---------------|
| 1 | Университеттің контингент сапасын арттыру мақсатында білім бағдарламаларының ерекшеліктерін ескере отырып, ішінара білім бағдарламалары бойынша 2026 жылы оқуға түсушілер үшін ҰБТ-ның шекті балы көтерілсін                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | А.К. Галеева                        | 31.01.2026    |
| 2 | Еліміздің, оның ішінде Алматы қаласының халықаралық, республикалық бейімделген мектептерімен, білім беру орталықтарымен меморандум жасалсын                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                     |               |
| 3 | Дарынды түлектерді университетке тарту мақсатында әртүрлі іс-шаралар атқарылсын: <ul style="list-style-type: none"><li>• ауқымды жоғары оқу орындар көрмелеріне қарқынды түрде қатысу;</li><li>• <i>Farabi university open day</i> іс-шарасын кең көлемде өткізу; жасанды интеллект бағытында мектеп түлектері арасында іс-шара өткізу;</li><li>• магистратура мен докторантура бағыттарына қызығушылық арттыру мақсатында бакалавриат және магистратура түлектеріне танымдық дәрістер, семинарлар өткізу.</li></ul> | Б.Қ. Рахымбекова,<br>Қ.Т. Тастамбек | оқу жылы бойы |

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы

Ж.Қ. Түймебаев

М.Қ. Мәмбетова